

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1998>***А. Т. Мұстояпова¹, Ж. Ж. Ибраимова²**

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5658-9844>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-5997-3198>

*e-mail: mustoyanova2017@gmail.com

ДЖОН ДОС ПАССОСТЫҢ «МАНХЭТТЕН ӨТКЕЛІ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Бұл мақаланың мақсаты – америкалық жазушы Джон Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» романындағы көркем бейнелеуін талдау. Мақала авторларының негізгі назары қала локациясы мен шекарасы, заттық әлем мен тарихи дәуір рухы, қаланың атмосферасы мен қала өмірінің ырғағы, түстер мен дыбыстар палитрасы сияқты құбылыстарға аударылады. Мақалада Дж. Дос Пассос қолданған бейнелеу құралдарының әлеуметтік-тарихи контекстке байланысты жүйелілігі негізделді. Жүргізілген талдау жазушының заманауи қаланың бейнесін жеткізетін баяндау тілін таңдаудағы жаңашылдық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Әдебиетке қысқаша шолу америкалық модернист жазушының романындағы қала бейнесінің қазіргі ағылшын тіліндегі әдебиеттануда қаншалықты зерттелгенін анықтайды. Мақала мазмұны модернистік мәтін поэтикасының ерекшелігі мәселесін көтеріп, модернистік жазудың жаңашылдық сипаты мәселесін өзектендіреді. Мақалада жүргізілген талдау Дж. Дос Пассостың қалалық кеңістікті көркем бейнелеудегі жаңашылдығының мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, үлкен, көпұлтты және сан алуан заманауи мегаполисте өмір сүретін адамдардың жаңа өмірлік кеңістігінің келбеті мен ырғағын жеткізетін бейнелеу тілін іздеу мәселесі қарастырылады. Кеңістік концептісін талдау адамдардың өмірі, олардың дүниетанымы қала кеңістігі, атмосферасы және ырғағымен анықталатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: мегаполис, кеңістік, шекара, локация, ритм, интерпретация.

Кіріспе

Қалалық кеңістіктің көркем бейнесі әлем әдебиетінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап көріне бастады. Бұл құбылыс Еуропаның бірқатар елдеріндегі қалалар мен қала халқы санының күрт өсуімен тығыз байланысты болды. Қала бейнесі Ч. Диккенстің «Екі қала туралы хикая», «Үлкен үміттер» романдарында, Ш. Бодлердің «Париж сплині» атты өлеңдер жинағында, Э. Золяның «Ругон-Маккарлар» роман-циклінде кездеседі. Алайда қала мен қалалық кеңістік тұрақты көркем образ ретінде модернистік әдебиетте орнықты. Қазіргі қалалардың қарқынды өсуі, олардың ырғағы мен атмосферасы, ондағы адамдардың өмір салты қаланың әдеби бейне ретінде қалыптасуына ықпал етті. Қалалық өмір салты адамның ойлау жүйесін, дүниетанымын өзгертті; мінез-құлық нормалары мен тіршілік ету формасы жаңа ортаға бейімделудің нәтижесінде қалыптасты. Модерн дәуіріндегі адамды қалалық контекстен тыс қарастыру барған сайын қиынға соқты. Осыған байланысты қала бейнесі модернистік әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылығына ене бастады. Мысалы, қала образы Д. Джойстың «Улисс», В. Вулфтың «Миссис Дэллоуэй», Э. Хемингуэйдің «Күн де туады», Т. С. Элиоттың «Құнарсыз жер» атты туындыларында кеңінен көрініс табады. Осы қатарда американ жазушысы Джон Дос Пассостың шығармашылығы ерекше орын алады. Әрбір қалагер кеңістікті бейнелеуде өзіндік көркемдік құралдарын пайдаланды және шығармашылық мақсатына сай келетін тәсілдерді іздеді. Қала әдебиетке маңызды көркем образ ретінде енгендіктен, жазушылар жаңашылдық танытып, қалалық кеңістікті бейнелеудің жаңа көркем әдістерін қалыптастырды.

Айта кету керек, қала бейнесі қазіргі авторларды да қызықтыруда. Қазіргі заман қалалары жаңа келбетке ие болып, адамды өз тіршілік жағдайларына тәуелді етеді, оның өмір ырғағын, салтын, тіпті құндылықтар жүйесін айқындайды.

Қала ХХІ ғасыр қалагерлерінің шығармаларында маңызды орын алады. Сондықтан қалалық кеңістіктің көркем бейнесін зерттеу әдебиеттану ғылымында өзектілігін сақтап, ерекше қызығушылық тудырады.

Зерттеудің практикалық маңызы – оның нәтижелерін қазіргі авторлар шығармаларындағы көркем кеңістік пен хронотопты талдауда, сондай-ақ ХХ ғасыр басындағы алғашқы мегаполистердің (зәулім үйлер, метро, қаржы орталықтары) пайда болу кезеңіндегі қала бейнесін жасау құралдарының ХХІ ғасыр қалаларындағы бейнелеу тәсілдерімен салыстырмалы зерттеулерде

қолдануға болады. Бүгінде қалалар – урбанизация үдерісінің түйіндік нүктелері, ел халқының шоғырлану мен даму орталықтары болып отыр.

Зерттеудің жаңашылдығы – Джон Дос Пассостың шығармаларында қаланы ерекше кейіпкер ретінде бейнелеу үшін қолданған бейнелеу тәсілдерін егжей-тегжейлі сипаттауында. Бұл кейіпкер – өз мінезі, адам өміріне әсер ету күші, америкалық арманмен жүргізетін ішкі диалогы бар күрделі көркем бейне ретінде ұсынылады.

Джон Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» [1] романындағы қала бейнесі алғаш жарық көрген сәтінен бастап әртүрлі, кейде қарама-қайшы интерпретацияларға ұшырады. Бүгінгі күнге дейін бұл тақырып әдебиеттанушылардың қызығушылығын оятып келеді. Романдағы кеңістік негізінен Нью-Йорк қаласының Манхэттен ауданына шоғырланған. Сондықтан мақалада осы қалалық кеңістікті көркем бейнелеу әдістері қарастырылады. Романда сондай-ақ бүкіл ел туралы айтылады, оның символы ретінде тез дамып жатқан Манхэттен бейнеленеді, тіпті бүкіл әлем де еске алынады, ол газет жаңалықтарында жиі кездесіп, жаңа эмигранттар ағыны келетін орын ретінде көрінеді. Романды дұрыс түсіндіру үшін онда бейнеленген қала ерекше маңызды, себебі ол жаңа Американың орталығы мен символы болып табылады.

Джон Дос Пассос тұтас дәуірді және сол дәуір тудырған трансформацияларды жеткізетін ерекше кеңістік жасады. Мұндай көркемдік міндетті одан бұрын ешкім қойған жоқ. Бұл жерде әлеуметтік-тарихи контекст, атап айтқанда, жылдам индустрияландыру, жедел урбанизация, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу және басқа факторлар маңызды рөл атқарады. Қала кеңістігі арқылы дәуірдің куәгерлігін жеткізу идеясы Дж. Дос Пассос үшін қалыпты еді, өйткені оның кеңістікке сәулетші ретінде ерекше көзқарасы болды. Сонымен қатар Манхэттен жазушыға ерекше әсер қалдырды. 1920 жылы ол Нью-Йорк туралы «қорқынышты, брутальды ұсқынсыздықпен қоршалған, металдың металға тигендегі шуы, доңғалақтардың ауыр тас үстінде тоқтаусыз айналып, дүрілдеген дыбыстарымен толы қала» деп жазған [2, 65-б.].

А. Корицтің пікірінше, алғашқы рецензенттер романнан қаланың бейнесін хаос пен тәртіпсіздік ретінде көрген, ал қаланың өзі адамдардың үйреншікті өмірін бұзатын қорқынышты әрі қауіп төндіретін нысан ретінде сипатталған [3, 114-б.]. Жазушының жаңашыл техникасын сипаттау үшін сыншылар «супернатуралистік», «архитектоникалық», «калейдоскоптық», «кинематографиялық» және басқа да эпитеттерді қолданған [4, 215-б.].

Материалдар мен әдістері

Мақалада Джон Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» романындағы қала бейнесінің әртүрлі аспектілерін (локация, заттық әлем, дыбыстар, символдар, зәулім ғимараттар және т.б.) талдауға арналған К. Морли [2], А. Беддоу [5],

Р. МакКи [6], Е.П. Гейх [7], С. Кляйн [8], Дж. Бальтрум [9], К.Дж. Микалитестің [10] ғылыми еңбектері пайдаланылды. Роман мәтіні мақалада келтірілген тезистерді дәлелдеу үшін негізгі дереккөз ретінде қызмет етті.

Зерттеуде тарихи-типологиялық және когнитивистік әдістер қолданылды. Бұл әдістер тарихи оқиғалар, әлеуметтік құбылыстар мен ғылыми-техникалық прогрестің қоғамның жағдайына, адамның санасындағы когнитивті процестерге тұрақты әрі ұзақ мерзімді ықпалын көрсетуге мүмкіндік береді. Контекстуалды талдау әдеби үдерістің дәуірмен, ғылым мен өнердің дамуымен тығыз байланысты екенін айқындауға септігін тигізді. Сонымен қатар зерттеуде жүйелік тәсіл қолданылды, ол арқылы қала бейнесінің құбылыстары әртүрлі байланыстардың тұтастығында, сондай-ақ қала бейнесін құрайтын элементтердің семантикасы мен символикасында қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Манхэттен кеңістігі романның өзегіне айналады, өйткені шығарманың басты кейіпкері – қала. Романдағы ешбір кейіпкер толық ашылмаған: олардың сыртқы келбеті, мінезі немесе тағдыры тұтас әсер қалдырмайды. Дегенмен, жазушы қала бейнесін, оның мінезін, ішкі болмысын және символизмін терең әрі жан-жақты суреттеген. Қаланың бейнесі ерекше кеңістік арқылы жасалып, адамды сипаттау қағидатымен сомдалған. Қала тірі жанға теңестіріледі. Ол тек сыртқы келбетке ғана емес, ерекше мінезге, тіпті ерік-жігерге, адамдарға әсер ету күшіне және өз тағдырына да ие. Ол белгілі бір сезімдерді оятады: бұл қалаға ұмтылады, оны жаулап алғысы келеді, оған үміт артады, арманын байланыстырады, одан көмек күтеді, онымен мақтанады, одан қорқады немесе жек көреді, ақырында, одан қашады. Қала – романның тек басты кейіпкері ғана емес, сонымен бірге барлық оқиға желілерін біріктіріп, оларды біртұтас көркемдік құрылымға байланыстыратын орталық.

Романда екі кеңістік жоспары көрсетілген. Біріншісі – романның нақты кеңістігі. Екіншісі – символикалық кеңістік, ол тарау атауларынан, эпиграфтардан және Вавилон мен Ниневия сияқты «қарғыс атқан қалалар» туралы ескертулерден көрініс табады. Бұл Нью-Йорктің тағдыры мен ішкі болмысын, оның кейіпкерлер тағдырындағы рөлін меңзейді. Манхэттен – бастау нүктесі, алғашқы қоныс аударушылар келген орын және әлі күнге дейін жаңа эмигранттар келіп жатқан жер. Ол – ел мен Нью-Йорктің символы, америкалық арманның бейнесі. Сонымен қатар ол – аяқталу нүктесі: кейіпкерлердің бірі бұл жерде арманымен және иллюзиясымен, енді бірі өмірімен қоштасады.

Романда жасалған кеңістік нақты шекараларға ие, оларды кесіп өту арқылы кейіпкерлер «шоғырланған» Америкаға тап болады. Романның атауы бізді Манхэттенге бару үшін паромға ауысып отыратын станцияға сілтейді. Бұл атауда кеңістік пен қозғалыстың семантикасы жатыр: шекараны кесіп өткен соң, кейіпкерлер қала кеңістігінің ықпалына түсіп, оның заңдарына, құндылықтарына

және өмір ырғағына бағынуға мәжбүр болады. Біздің ойымызша, қалалық кеңістіктегі адамдардың тұрақты қозғалысы тұрақсыздықтың, өткіншіліктің және үнемі өзгеріп тұратын қала мен кейіпкерлерге тән өтпелі жағдайдың символына айналады.

А. Беддоу қаланың күрделі кеңістік геометриясын атап өтеді, оның үнемі өзгеріп тұратын көкжиегі мен өзара байланысқан көлік желісінен көрініс табады [5, 1-2-бб.]. Біздің көзқарасымыз бойынша, Дж. Дос Пассос жасаған кеңістіктің ерекше белгісі оның қозғалмалылығы мен үнемі өзгеріп тұратын ландшафты болып табылады. Көше, тротуар, дүкен терезелері, жарнамалар – бәрі өзгеріп отырады. Өсіп келе жатқан зәулім ғимараттары бар өзгермелі көкжиек осы өзгерістердің визуалды символына айналады. Ал кеңейіп жатқан көлік желісі өрмекші торы сияқты қаланың кеңістігін одан әрі кеңейтеді. Қала кеңістігі символдарының бұл жағымсыз коннотациясы роман өрбіген сайын тереңдей түседі.

Р. А. МакКи атап өткендей, Джон Дос Пассос зәулім ғимараттардың физикалық және символикалық құрылымын пайдаланып, капиталдың қарқынды дамып келе жатқан мегаполис кеңістігіне тигізетін әсерін көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, Дос Пассос кейіпкерлері қаланың ашық вертикалды кеңістіктерінен жұбаныш таба алмайды, өйткені олар мегаполистің жатсындыратын және адамдық болмысын бұзатын кеңістіктерімен бетпе-бет келеді. Зәулім ғимараттардың биіктігі мен вертикалды құрылымы ықтимал зорлық пен биліктің кеңістіктік көрінісіне айналады [6]. Айта кету керек, романның барлық кеңістік сипаттамалары адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастар мен ұмтылыстардың символына айналады. Биікке самғап өскен зәулім ғимараттар мен төменде қиындыққа төзіп, күнін эзер көріп жүрген, тіпті өлімге душар болған адамдардың жаңа иерархия типін бейнелейді. Тік кеңістіктер өркендеп, күшейген сайын көлденең байланыстар бұзылып жатады. Қаланың ені тек капиталға қатысты кеңістіктерге (мысалы, банктерге) тән, ал тұрғындардың баспаналары тар, қыспаққа толы бөлмелерден тұрады. Жолдар желісінің кеңеюіне қарамастан, романның кейіпкерлері қаланың кеңістігінен шыға алмайды, сыртқы әлем қол жетпес арман болып қала береді. Қаланың екіжүзділігі байлық пен кедейлік, сәнді аудандар мен тозығы жеткен кедейлер мекені, іскерлік орталықтар мен зауыттар сияқты контрастар арқылы көрінеді.

Манхэттеннің шекаралары тұйықталған. Олардың материалдық көрінісі – Гудзон өзені. Бұл өзенді кесіп өткенде, адамдар Манхэттенге қадам басады. Гудзон өзені Лета өзенін еске салады: оны кесіп өткен адам өлім кеңістігіне енгендей болады. Гудзон Манхэттен мен қалған елдің, қала мен ауыл кеңістіктерінің, тұйықтық пен еркіндіктің, тәуелділік пен азаттықтың арасындағы шекараға айналады. Романда жеңімпаз тек қала кеңістігін тастап кете алған адам болып табылады.

Кеңістіктік шекараны кесіп өту – бұл кейіпкерлер өмірін «Манхэттенге дейін» және «Манхэттенге келгеннен кейін» деп бөлетін уақыт шекарасы. Бұл шекара олардың өмірінің жаңа кезеңінің белгісі, ол кезеңді кейіпкерлер өз иллюзияларының тұтқынында болғандықтан, алдын ала болжай алмайды. Дегенмен, автор бірінші эпиграфта-ақ астарлы ескерту береді: «Қақпалар айқара ашылады, адамдар жарықтың үстінен аттап, көң иісі мүнкiген ағаш туннельге лап береді – бірін-бірі итеріп, таптап, престің астауына төгіліп жатқан алмалардай сығылысады» [1, 4-б.] (осы жерде және әрі қарай – Ж. Ж. Ибраимованың тура аудармасы).

Джон Дос Пассос қалалық кеңістіктің есте қаларлық, жарқын әрі экспрессивті бейнесін жасайды. Монтаждық композиция арқылы ол қаланың әртүрлі локацияларын және оның белгілерін суреттейді. Көшелер, ғимараттар, дүкен витриналары, жарнама бағандары, адамдардың топтары, көліктер, иістер мен дыбыстар бәрі бірігіп, қозғалыстағы тұтас тіршілік иесін еске салатын жанды сурет жасайды. Қала кеңістігі бірнеше тәсілмен сипатталған, бұл тәсілдер оны айқындаудың құралдарына айналады. Оның бейнесі көшелер, алаңдар, метро, парктер, бос жерлер, арықтар, лашықтар, жарнамалық билбордтар, тротуарлар, сары кірпіштен салынған үйлер, ұсақ дүкендер, қытай кір жуу орындары, асханалар, гүл, көкөніс, тігін, азық-түлік дүкендері арқылы көрініс табады. Қаланың портретін жасайтын мәтін заттық әлемге соншалықты бай және тығыз, оқырман өзін сөз арқылы сомдалған осы символдық кеңістікте жүргендей сезінеді. Е. П. Гейх бұл туралы: «Романда қазіргі америкалық қаланың рухы бейнеленген, ол үнемі айналымда болатын капитал, тауарлар, жарнамалар мен қала оқиғаларымен сипатталады... Біз «мәтінге айналған» қаланың – белгілер қаласының қалыптасуын бақылаймыз» деп жазады [7, 425-б.].

Алғашында көптеген эпизодтардың, көше бағаларының, қала бейнелеулерінің, құрылыс сипаттамаларының және т.б. ретсіз жиынтығы ретінде ұсынылған шындық, іс жүзінде, 1890-1925 жылдар аралығындағы Манхэттеннің тірі ахуалын бейнелейді. Романдағы эпизодтардың жылдам ауысуы уақыттың кең кезеңін және сол кезеңдегі қаланың кеңістігінде орын алған өзгерістерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Қаланың мәдени өрісі ескерткіштер, мүсіндер, архитектуралық ғимараттар арқылы бейнеленген. Бродвей, Нью-Йорк айлағы, Бостандық мүсіні, Бруклин көпірі, Әулие Троица шіркеуінің мұнарасы және Пулитцер ғимараты – бұлар қаланың маңызды бағдарлары, адам жеңісінің символдары. Олар қала кеңістігінің бағыт-бағдары, оның тұрақтылығының кепілі. Қаланың беделі мен байлығын бейнелейтін символ – Уолл-стрит бейнесі.

Қала кеңістігі тұрғындарында әртүрлі сезімдер мен эмоциялар туғызады: оған деген сенімсіздік, қорқыныш, оның үстемдігіне мақтаныш, оған таңданыс,

онымен байланысты үміттер, оны бағындыруға ұмтылыс, сол кеңістіктің бір бөлшегіне айналу ниеті немесе, ақыр соңында, одан қашып құтылу талпынысы.

Қаланың адамдарға әсері оның түстері, дыбыстары мен иістері арқылы көрініс табады: «Басының үстінен қатты гүрілдер толқын-толқын асып өтіп, аспалы пойыздың шуылы аспанда шырқырай түсті. Көше бойымен ауыр жүк көліктері сықырлай сырғып, жанармай мен езілген жылқы тезегінің иісі араласқан шаңды көкке көтерді. Ауа тұншығып, дүкендер мен мейрамханалардың иісі жайылды» [1, 110-б.]. «Айнала – жарқыраған, бір-бірімен қиылысқан ашық түсті жазықтардан құралған ала-құла көрініс: адам бет-әлпеттері, аяқтары, дүкен сөрелері, трамвайлар мен көліктер – барлығы көз алдында сапырылысып жатты» [1, 230-б.]. Романның суреттемелері импрессионистік қою бояулармен беріледі: «Жауын жуып кеткен көшелердің бұрыш-бұрышындағы барлар жарқырай ашылып тұрды. Айна мен жез қоршаулардағы, алқызыл жалаңаш әйелдердің алтын жалатылған суреттері ілінген рамалардағы сары жарық виски стакандарына төгіліп жатқандай... Жаңбыр бүріккен үйлер екі жақтан теңселіп, көше шамдары шайқалып тұр...» [1, 68-б.].

К. Дж. Микалитс қала бейнесінің визуалды, тіпті кинематографиялық сипатқа ие екенін атап өтіп, қалалық пейзаждардың көркемдік табиғатын уақыт категориясымен былайша байланыстырады: «Модернизмнің гүлдену кезеңіндегі кинематографиялық көрініс – бейненің уақытша тұрақсыздығымен күресудің бір тәсілі ретінде көрінеді [10, 60-б.]. Осылайша, Дж. Дос Пассос сомдаған жарқын, экспрессивті қалалық кеңістік бейнесін уақыт қозғалысын жеткізу құралы, кеңістіктік тұрақтылықты еңсерудің тәсілі ретінде қарастыруға болады.

Дж. Дос Пассос шығармашылығын зерттеген барлық ғалымдар оның коллаж техникасы мен кинематографиялық тәсілдерді пайдаланғанын атап өтеді, бұл оның визуалды түрде қабылданатын кеңістік жасаудың маңыздылығына ерекше назар аударғанын көрсетеді. Сонымен қатар, жазушы кино метафорасын қолданып, кино дәуіріндегі байыпты әдебиеттің қандай биіктерге жете алатынын түсіндіруге тырысты. Оның түсінігінде роман – «болашақ экранында қазіргі сәтке назар аудару үшін жасалған ең үздік қозғалмалы құрылғы» [11, 479-б.].

Қала өз қарқынында өмір сүреді, бұл қарқын қозғалыс етістіктері арқылы беріледі, яғни ағып жатқан автокөліктер, пароходтар, пойыздар, паром, дирижабль, лифтілер, метро тұрақты түрде аталады, бұл әлемдегі ең заманауи қалалардың бірі болып табылатын қаланың техникалық прогресін ерекшелейді. Қала адамдарға өз ритмін таңады. Роман соңына дейін әр көріністен қаланың тынбай қозғалған қарқыны мен өмірлік энергиясы сезіліп тұрады. «Хадсон көшесімен ер адамдар мен жас әйелдер қызғылт таң шапағы аясында тез-тез жүріп бара жатты. Жүк арбаларын тартқан тұяғы жүнді аттардың тағасының сықыры мен доңғалақтарының сықырлауы құлақ тұндырар шу туғызып, айналаны өткір шаңға бүркеді» [1, 15-б.], «Он бірінші авенюді мұздай шаң

басқан. Доңғалақтардың сықыры мен тас жолда тық-тық еткен тұяқтардың сарыны көше бойын жаңғыртады. Теміржол жактан паровоз ысқырығының үні мен қосалқы жолға ауысып жатқан жүк вагондарының тарс-тұрс дыбысы естіледі» [1, 35-6.], «Қозғалтқыштар өкіріп, беріліс ащы сықырмен бірінші жылдамдыққа ауысады. Көліктер бірінен соң бірі созылып, елес іспеттес цемент жолмен ұзын таспадай ағып барады...» [1, 151-6.], «Ымырт үйірілген шақта құрттай жарқыраған пойыздар тұман торлаған өрмекші көпірлердің арасымен зу етіп өтеді. Лифтілер шахта ішінде жоғары атып, төмен сырғып түседі. Айлақ шамдары жыпылықтайды» [1, 210-6.].

С. Кляйн атап өткендей, модернистік жазушылар мен сол кезеңнің кино шеберлері (сол уақытта әлі үнсіз фильмдер түсірілген) шынайы дыбыстарды бейнелеу мәселесіне тап болды. Бұған дейін олардың шығармашылық тәжірибесінде мұндай амал-тәсіл болмаған. Дегенмен, оларға «қазіргі заманғы қаланың шуын иллюстрациялап, құжаттау» және «акустикалық атмосфераның жоқтығын еңсеру» мүмкін болды [8, 70–71-66.].

Манхэттеннің ішкі өмірі көптеген эпизодтардан, көріністерден және қоғамдық көліктегі, көше бойындағы үзілген әңгімелерден құралады. Қала үнемі толастамайтын шуымен адамдардың өзара қарым-қатынасына кедергі келтіретіндей әсер қалдырады. Жолдағы машиналар, паровоздар, метро және басқа механикалық дыбыстар адам дауыстарын басып, оларды бір-бірін түсінуден алыстатады. Бұл акустикалық хаос қаланың үстемдігін, адамдардың еріксіз осы ортаға тәуелділігін көрсетеді.

Қалалық кеңістік ақпарат пен жаңалықтарға толы. Газет тақырыптары қала атмосферасын толықтырып, оның қарбалас әрі күйгелек сипатын күшейтеді: «Кемтар анасын өлтіргенін мойындады... Паркердің қолдаушылары қорғанға шықты... Тобыр тас жаудырды... Жаудың көз алдында Порт-Артурға көмек жеткізілді... Бесінші авенюда алып жылан пайда болды» [1, 13–15-66.], «Ардагерлер Президентпен кездесті... Сүт тасушы ауыр жараланды» [1, 36-6.]. Бұл калейдоскоптық бейнелеу қала кеңістігіне тән ретсіз, жүйесіз және ұдайы қозғалыстағы атмосфераны жеткізеді. С. Кляйн қалалық дыбыстардың бірнеше функцияларын атап өтеді: олар адамды басып, ішкі күйзеліске ұшыратады, жүйке жүйесіне әсер етіп, жаңа ойлау процестері мен іс-әрекет үлгілерін ынталандырады, қаланың энергиясы мен қарқынды өмір сүру ритмін көрсетеді [8]. Сонымен қатар Манхэттен – бұл АҚШ-қа келген шетелдіктердің тұрақтайтын жері. Сондықтан қалада көптеген тілдер естіледі, бұл оның көптүрлілігін, көпмәдениеттілігін және эклектикасын айқындайды.

Кеңістіктің түс гаммасы семантикалық мағынаға ие: сары – ессіздік түсі; қоңыр, алтын түстері байлықты білдіреді; қызыл – алаңдаушылық пен қауіптіліктің түсі, ал сұр – кедейліктің түсі. Барлығының түсі бар: «Алаңдағы ағаштарды көгілдір өрмек торы шырмап алған. Даңғыл бойында шамдар жағыла

бастады – қызыл кірпіш үй іргелерін жасыл жалтыл сәулеге бөлеп, біртіндеп қараңғылықтан ажыратып тұр. Мұржалар мен су қоймалары ет түстес, қанық қызғылт аспан аясында айқын бедерленіп көрінеді» [1, 6-6.], «Кейде күннің шағылысқан аппақ сәулесі желкенге, кейде пароходтың үстіңгі құрылысына түсіп жарқылдайды. Қызыл паромдар екі ортада дамылсыз қатынап жүр» [1, 45-6.]. Түстермен жасалған бейнелеулер ерекше экспрессивті. Автордың ең жиі қолданатын түсі – агрессивті қызыл. Өрт, өрт сөндіру машиналары, жарығы бүкіл жерге түскен қызыл күн, тротуардағы қан, апаттар мегаполис тұрғындарына алаңдаушылық сезімін тудырады, оларды үнемі үрейде ұстайды, жүйкені ширықтырып, қауіп төндіреді.

Қала кеңістігі ашық локациялардан жабық жайларға дейін әртүрлі иістерге толы. Бұл кофе, күйген нан, хош иісті шарап, төсек жабдықтарының ауыр иісі, күйген май, типографиялық бояу, лимон, тығыз орналасқан үйлер, көң, қала қоқыс орындарының жүрек айнытатын, тәтті, естен тандыратын жағымсыз иістері. Дж. Дос Пассос қала кеңістігін жанды организм ретінде барлық мүмкін тілдік құралдармен көрсетеді.

Манхэттен, оның көшелері, зәулім ғимараттары, ескерткіштері, темір жолдары, кемежайлар адамзаттың еңбегімен жасалған, және олар қалаға әлем, қоғам, табыс туралы өз түсініктерін сіңірген. Бұл кеңістікті адамдар өздерінің рухани әлемі, құндылықтары, идеяларымен толтырады. Сондықтан Дж. Дос Пассостың қала кеңістігі адамдардың армандары мен үміттерінің ақталмауы туралы әңгімелеуге негіз болып табылады.

Дж. Дос Пассос Нью-Йоркті суреттей отырып, оны ежелгі ұлы қалалармен – Вавилон, Ниневия, Афина, Рим және Константинопольмен салыстырады. Біріншіден, романист Нью-Йорктің «шежіресін» жасап, қаланы ұлы империялық орталықтардың мұрагері ретінде көрсетіп, оның әлемдік тарихтағы маңыздылығын айқындайды. Екіншіден, Дос Пассос қаланың кеңістігін кеңейтіп, оны бүкіл әлем мен өркениет тарихына біріктіреді. Дж. Бальтрум: «Дос Пассостың ежелгі қалаларды еске алуы... ұзақ уақыт бұрын қираған немесе мәдени өркендеуі аяқталған қалалар... Нью-Йоркке де осындай тағдыр жазылғанын немесе міндетті түрде болатындығын меңзейді» деп, Нью-Йорктің ежелгі қалалар сияқты құлдырау қаупіне ұшырауы мүмкін екенін атап өтеді [9, 144-6.]. Біздің ойымызша, бұл жерде Нью-Йорк әлемнің жаңа символы, өркениеттің орталығы және қазіргі заманғы күш – капиталдың бейнесі ретінде қарастырылады деп айту орынды.

XX ғасырдың басындағы әлеуметтік оптимизм әртүрлі кейіпкерлердің репликалары арқылы көрсетіледі, оларға Нью-Йорк шексіз мүмкіндіктер қаласы болып көрінеді. Джон Дос Пассос адамдардың «америкалық арманға» деген ынтасын өзінше бейнелейді. Романның басында кейіпкерлер өздеріне сенімді: «Мен өмірде өз орнымды тапқым келеді. Еуропа шіріп біткен. Америкада адам

өз жолын табады. Шыққан тегің де, оқығаның да маңызды емес – бастысы, алға озу» [1, 16-б.], «Бұл – мүмкіндікке толы ел» [1, 36-б.], «Мен бұл елге риза боламын... Маған бұйырған жалғыз Отан – осы... Еңбегі бар, қабілеттілердің бәрі де алға шығып жатыр» [1, 183-б.]. Қала табыстың символы, адамзат үміттерінің көрінісі мен бақыт туралы түсініктерінің локусы, яғни адамдар армандайтын өмірдің бейнесі. Қала туралы арман жалпы алғанда америкалық арманмен, жеке бақытқа деген үмітпен ұштасады. Бұл арман кеңістікті бағындыру мен кеңейтуді визуализациялау арқылы бейнеленген: «Уақыт келеді, мен бұған кәміл сенемін – сен екеуміз ол күнді көреміз – сонда Ист-ривердің үстінен бірінен соң бірі салынған көпірлер Лонг-Айленд пен Манхэттенді біртұтас етпек. Сол кезде Куинс боро қазіргі Астор-сквер қандай маңызды болса, соншалықты алып шаһардың жүрегі мен тіршілігіне айналады» [1, 12-б.].

Романның қақтығысы америкалық арман мен шынайылықтың қақтығысы арқылы көрініс табады. Романның өзегі – иллюзия мен шынайылық арасындағы терең алшақтық; үміт артылған, сеніммен қараған қала мен оның шынайы мәнінің қарама-қайшылығы. Қала кеңістігіне тап болған адам өзін тұтқында, тәуелді сезінеді.

«Ұлы америкалық арман» мифіне және Нью-Йоркте жетістікке жету туралы кейіпкерлердің үміттеріне деген біртіндеп көңіл қалу сезімі алаңдаушылық пен мазасыздыққа әкеледі. Бұл сезімдер үнемі қайталанатын қызыл өрт сөндіру машинасының бейнесі арқылы көрініс табады, ол қалалық кеңістіктің символдарының бірі – адамға қауіп төндіретін, өлім мен қатердің белгісі ретінде бейнеленеді. К. Морли Дос Пассостың мегаполисті «алып, болжап болмайтын машина ретінде қарастырғанын, оның алдында жеке адамның дәрменсіз екенін» атап өтеді [2, 66-б.]. Қала өзінің заңдарымен өмір сүреді және ол адамдарды өзінің ритміне, еркіне, мақсатына бағындырады. Осылайша, кейіпкерлердің бірі өртте қаза тапса, басқасын пойыз қағып кетеді, тағы бірі автокөлік апатынан мөрт болса, кейбірі өз-өзіне қол жұмсайды не елден қуылады.

Адамдар қалаға жету үшін көп күш жұмсайды, бірақ қала оларды өзіне бағындырып, еркінен айырып, тіпті гипнозға түсіреді. Бірнеше онжылдық өткен соң, олардың көңіл күйі өзгереді. Америкалық арманның иллюзия екендігі айқын бола бастайды. Жастық шағы мен денсаулығынан айырылған кейіпкерлер қаладан кетуді армандайды. Осылайша, үміттер қаласы олар үшін алдамшы арманға, тұзаққа немесе лабиринтке айналады. Олар бұл жерден шығуды қалайды, бірақ бұл тек санаулы адамдарға ғана мүмкін болады.

Қаланың шынайы табиғатын түсінген кейіпкерлердің жоспарлары енді оның шекарасынан өтіп, лабиринттен, қаланың тұйық кеңістігінен құтылуға бағытталған.

Қорытынды

Қала кеңістігі романның концептуалдық ұғымы болып табылады, ол мәтіннің барлық деңгейлерін қамтып, оқиға желілерінде, оқиғаларда, кейіпкерлердің бейнелерінде, локациялардың сипаттамаларында, материалдық әлемнің заттарында, дыбыстарда, түс гаммасында, кейіпкерлердің көңіл күйінде, осы локустың ішінде болып жатқан үздіксіз қозғалыста және т.б. көрініс табады. Романның барлық элементтері қала кеңістігінің белгілі бір контекстінде өмір сүреді, өзгеріске ұшырайды және мағынаға ие болады. Мұндай кеңістік атмосфера қалыптастыруға, адамдардың көңіл күйіне, өмір салтына, шешімдері мен әрекет етуге түрткі болатын себептеріне әсер ету қабілетіне ие. Осылайша, роман элементтері Манхэттен кеңістігінің ықпалымен шартталып, соның негізінде тұтас көркемдік бірлікті құрайды.

Романдағы кеңістік тілдік құралдар арқылы бейнеленіп, нақты өлшеуге болатын компоненттерде жүзеге асады. Оларға қаладағы қоқыс тастайтын алаңдар мен қаңырап бос жатқан жерлерден бастап зәулім ғимараттар мен банктерге дейінгі сан алуан локациялардың сипаттамалары, көпдауысты қалалық шу, құрылыс жұмыстарының, жұмыс істеп тұрған машиналардың, паровоздардың, лифтердің, жазу машинкаларының тарсылдаған дыбыстары жатады. Сондай-ақ, кең ауқымды иіс палитрасы, үмітті, байлықты, алаңдаушылық пен қауіпті білдіретін мәнге ие экспрессивті қанық түстер гаммасы; тек көліктерді ғана емес, адамдарды да қозғалысқа келтіретін қаланың өмір ырғағы; шулы көшелерімен, дүкен сөрелерімен, жарнамалық тақталарымен, жүйткіген көліктерімен және табысқа жетуге ұмтылған адамдарымен көрініс тапқан қала атмосферасы – осының бәрі кеңістік ұғымының көркемдік құрамдас бөліктері болып табылады.

Романдағы кеңістіктің өз шекарасы бар, дәл осы шектер аясында оның адамдарға ықпал ету өрісі «іске қосылады». Кеңістік өзіне тән субъектілік сипатқа ие болғандай әсер қалдырады: ол қала тұрғындарын өз еркіне бағындырып, олардың күш-қуатын өзінің өсіп-өркендеуі мен табысы үшін сарқып алады. Қала кеңістігін талдау арқылы романның негізгі қайшылығын ұғынуға болады; сонымен қатар бұл кеңістікте сол қайшылықтың шешімі де бар – ол кейіпкерлердің қала-қақпанды тастап кетуге немесе оның тұзағында қалуға даярлығы мен шешім қабылдай алу қабілетіне байланысты.

Джон Дос Пассос қала кеңістігіне концептуалды сипат бере отырып, осы кеңістік арқылы ұлы америкалық арман, адамдар мен елдің өмірі, өз дәуірінің рухы мен құндылықтары туралы авторлық интерпретациясын жеткізе алды.

Айтылған тұжырымдар Дж. Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» романында қала бейнесі тек кейіпкерлер тағдырын сипаттайтын маңызды фон ғана емес, сонымен қатар модерн дәуірінің, өзгерістер кезеңінің, осы

тарихи кезең адамдарының өмірі мен дүниетанымындағы түрленудің көрінісі ретінде ұсынылғанын аңғартады.

Келесі қорытынды – модернистік те, қазіргі заманғы әдеби шығармаларды талдау барысында да қала бейнесін зерттемей тұрып толыққанды түсінік қалыптастыру мүмкін емес. Қала бейнесі шығарма кейіпкерлерінің өмірін айқындайтын, олардың тағдырына, мінезіне, өмірлік бағдарларына, ішкі қайшылықтары мен дамуына, күресіне әсер ететін маңызды фактор ретінде көрінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Doc Passos, J.** Manhattan Transfer [Text]. – New York, London: Harper & Brothers Publishers, 1925. – 404 p.

2 **Morley, C.** Modern American Literature [Text]. – Edinburgh University Press, 2012. – 352 p.

3 **Koritz, A.** Urban Form vs. Human Function in the 1920s: Lewis Mumford and John Dos Passos [Text] // American Studies. – 2004. – No 45: 2. – P. 101–123.

4 **Spencer, V. C.** Dos Passos: A Life [Text]. – Northwestern University Press, 2004. – 624 p.

5 **Beddow, A.** Manhattan Nightmares: John Dos Passos, Charles Sheeler and the Distortion of Urban Space [Text] // Moveable Type. – 2010. – Vol. 6.

6 **McKee, R. A.** ‘Kerist I wish I was a skyscraper’: John Dos Passos’ Manhattan Transfer, skyscrapers and the predatory modern city [Text] // Journal of Urban Cultural Studies. – 2018. – Vol. 5. – No 1. – P. 53–71.

7 **Geyh, E. P.** From Cities of Things to Cities of Signs: Urban Spaces and Urban Subjects in «Sister Carrie» and «Manhattan Transfer» [Text] // Twentieth Century Literature. – 2006. – Vol. 52. – No 4. – P. 413–442.

8 **Klein, S.** The Roar of Modernity: Metropolitan Soundscapes and the Making of the Modern Subject in John Dos Passos’ Manhattan Transfer [Text] // Revista Canaria de Estudios Ingleses. – 2022. – No 84 (April). – P. 69–82.

9 **Baltrum, J.** A (Re)Conception of the City: Commercialization, Domestication, and Resistance In New York City from Melville to McKay [Text]. PhD. Department of English Northern Illinois University, 2014. – 240 p.

10 **Mickalites, C. J.** Manhattan Transfer, Spectacular Time, and the Outmoded [Text] // Arizona Quarterly: A Journal of American Literature, Culture, and Theory. – 2011. – No 67(4). – P. 59–82.

11 A Companion to the Modern American Novel 1900–1950 [Text] / Edited by John T. Matthews. – Blackwell Publishing Ltd., 2009. – 592 p.

17.01.25 ж. баспаға түсті.

24.06.25 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Т. Мустояпова¹, Ж. Ж. Ибраимова²

^{1,2}Қарагандинский национальный исследовательский

университет имени Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Поступило в редакцию 17.01.25.

Поступило с исправлениями 24.06.25.

Принято в печать 21.05.26.

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВОПЛОЩЕНИЕ ГОРОДСКОГО ПРОСТРАНСТВА В РОМАНЕ ДЖОНА ДОС ПАССОСА «МАНХЭТТЕНСКАЯ ПЕРЕПРАВА»

Целью данной статьи является анализ способов художественного воплощения пространства в романе американского писателя Джона Дос Пассоса «Манхэттенская переправа». В центре внимания авторов статьи оказываются такие явления, как локация и граница города, предметный мир и дух исторической эпохи, атмосфера города и ритм городской жизни, цветовая и звуковая гамма и др. В статье обосновывается закономерность изобразительных средств, использованных Дж. Дос Пассосом и обусловленных конкретным социально-историческим контекстом. Проведенный анализ позволяет определить своеобразие новаторства Дж. Дос Пассоса в выборе повествовательного языка, адекватно передающего образ современного города. Краткий обзор литературы позволяет определить степень исследованности образа города в анализируемом романе американского модерниста в современном англоязычном литературоведении. Содержание статьи проблематизирует вопрос своеобразия поэтики модернистского текста, а также актуализирует проблему новаторского характера модернистского письма. Осуществленный в статье анализ позволяет определить содержание новаторства Дж. Дос Пассоса в художественном воплощении городского пространства, в частности, поиск изобразительного языка для передачи облика, ритма жизни большого многоликого, многонационального города, нового жизненного пространства людей, живущих в стремительно растущем мегаполисе.

Ключевые слова: мегаполис, пространство, граница, локация, ритм, интерпретация.

*A. T. Mustoyapova¹, Zh. Zh. Ibraimova²

^{1,2}Buketov Karaganda National Research University

Republic of Kazakhstan, Karagandy.

Received 17.01.25.

Received in revised form 24.06.25.

Accepted for publication 21.05.26.

THE ARTISTIC EMBODIMENT OF URBAN SPACE IN THE JOHN DOS PASSOS' NOVEL «MANHATTAN TRANSFER»

The purpose of this article is to analyze the ways of artistic embodiment of space in the novel «Manhattan Transfer» by American writer John Dos Passos. The authors of the article focus on such phenomena as the location and border of the city, the objective world and the spirit of the historical era, the atmosphere of the city and the rhythm of urban life, color and sound, etc. The article substantiates the regularity of the pictorial means used by J. Dos Passos and conditioned by a specific socio-historical context. The conducted analysis allows us to determine the originality of J. Dos Passos's innovation in the choice of narrative language that adequately conveys the image of a modern city. A brief review of the literature allows us to determine the degree of research into the image of the city in the analyzed novel by the American modernist in contemporary English-language literary criticism. The content of the article problematizes the question of the originality of the poetics of the modernist text, as well as actualizes the problem of the innovative nature of modernist writing. The analysis carried out in the article allows us to determine the content of innovation of J. Dos Passos in the artistic embodiment of urban space, in particular, the search for a pictorial language to convey the appearance, rhythm of life of a large multifaceted, multinational city, a new living space of people living in a rapidly growing metropolis. The analysis of the concept of space leads to the conclusion that people's lives and their worldview are determined by the space of the city, its atmosphere, and rhythm.

Keywords: megapolis, space, boundary, location, rhythm, interpretation.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz